

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 979 Қаулысы

"Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - банк) 14 облыспен Астана және Алматы қалаларының коммуналдық меншігінде тұрған, жария етілген акциялардың жалпы санының 9431646000 (тоғыз миллиард төрт жүз отыз бір миллион алты жүз қырық алты мың) теңге сомасына 188632 (бір жүз сексен сегіз мың алты жүз отыз екі) дана акцияларының мемлекеттік пакеттері заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық меншікке қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген банктің акциялар пакеттерін республикалық меншікке қабылдап алу-тапсыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын;

2) "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қор) жарғылық капиталын ұлғайтуға 2007 жылы республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен 61368 (алпыс бір мың үш жүз алпыс сегіз) данадағы банктің орналастырылмаған акцияларын қордың сатып алуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі